ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 13 тамыз № 1013-25-00-2/933 іс Семей қаласы

Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья С.Балғабеков
сот отырысының хатшысы М.Каримованың қатысуымен
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Абай облысы бойынша Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«СК ОКЖЕТПЕС-2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі А.Шалқарұлы
жауапкердің өкілі Н.Жолдогулова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 25 маусымда «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Абай облысы бойынша Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі талап қоюшы) мен «СК ОКЖЕТПЕС-2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі жауапкер) арасында № 109 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған. Шарт бойынша жауапкер талап қоюшыға Абай облысы, Мақаншы ауданы, Мақаншы ауылы, Найманбаев көшесі, 2 «Б» мекен-жайында орналасқан Мақаншы ауданы бойынша Шекара басқармасының қоймалары мен гараждарының шатырларына ағымдағы жөндеу

жұмыстарын 2024 жылғы 10 қыркүйекке дейін жасап, ол жұмыстарды өткізуге, ал талап қоюшы жұмыстарды қабылдап алып, шарт бойынша жауапкерге 44 054 640 теңге төлеуге міндеттенген. Шарт мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсан.

Талап қоюшының талап қоюдағы дәйектеріне сай, жауапкер міндеттерін орындамаған, шарт бойынша құрылыс жұмыстарына кіріспеген, шартты орындаудан жазбаша түрде бас тартқан. Мұнымен қоса, жауапкер шарт жасалғаннан кейін 10 жұмыс күні аралығында шарттың жалпы сомасының 3 % құрайтын 1 321 639,20 теңгені шарттың орындалуын қамтамасыз ету және 1 127 357,14 теңге демпинг сомасын енгізбеген.

Осыған орай, талап қоюшы соттан жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Сотта талап қоюшының өкілі А.Шалқарұлы талап қоюды қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Сотта жауапкердің өкілі Н.Жолдогулова талап қоюды мойындамай, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 272-бабына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Ұсынылған дәлелдемелерге сай, тараптар арасында Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі Заң) негізінде 2024 жылғы 25 маусымда № 109 мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалғандығы, ол шарт бойынша жауапкер талап қоюшыға Абай облысы, Мақаншы ауданы, Мақаншы ауылы, Найманбаев көшесі, 2 «Б» мекен-жайында орналасқан Мақаншы ауданы бойынша Шекара басқармасының қоймалары мен гараждарының шатырларына ағымдағы жөндеу жұмыстарын 2024 жылғы 10 қыркүйекке дейін жасап, ол жұмыстарды өткізуге, ал талап қоюшы жұмыстарды қабылдап алып, шарт бойынша жауапкерге 44 054 640 теңге төлеуге міндеттенген. Шарт мерзімі 2024 жылғы 31 желтоқсан.

Шарттың 17.1-тармағына сай, жауапкер шарт жасалғаннан кейін 10 жұмыс күні аралығында шарттың жалпы сомасының 3 % құрайтын 1 321 639,20 теңгені шарттың орындалуын қамтамасыз ету және 1 127 357,14 теңге демпинг сомасын енгізуге міндеттенген.

Құжатқа қол қойылған: Балғабеков С. Б., 15.08.2025
Заңды күшіне енген күні: 16.09.2025, судья Балғабеков С. Б., 17.09.2025
1013-25-3-6/84

Алайда, жауапкер шарттың 17.1-тармағында көрсетілген міндетін шарт жасалған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде орындамаған, 3 % шартты қамтамасыз ету және демпинг сомасын енгізбеген.

Осыған орай, талап қоюшы 2024 жылғы 05 шілдеде шығыс № 15/10-1-1134 жауапкердің мекен-жайына осы сомаларды енгізу және жұмысқа кірісу туралы хат жолдаған.

Бірақ, талап қоюшының бұл хаты жауапкермен мүлде орындалмаған, ескерілмеген.

Талап қоюшы 2024 жылғы 12 шілдедегі хатымен жауапкермен шартты бір жақты түрде бұзған.

Заңның 44-бабы 1-бөлігінде, егер жеңімпаз деп танылған әлеуетті өнім беруші Заңда белгіленген мерзімдерде тапсырыс берушіге мемлекеттік сатып алу туралы қол қойылған шартты ұсынбаса немесе мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасып, мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз етуді және (немесе) Заңның 26-бабына сәйкес соманы (ол болған кезде) енгізбесе, онда мұндай әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарды деп танылады деп көрсетілген.

Заңның 2)-тармақшасы 1-бөлігі 4-тармағы 12-бабына сай, жеңімпаз деп айқындалған, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасудан жалтарған әлеуетті өнім беруші мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы тізіліміне енгізіледі.

Сот, Заңның осы баптарын, орын алған мән-жайларды ескеріп, талап қоюшының талап қоюын негізді деп санайды, себебі жауапкер ерекше тәртіпте өткізілген мемлекеттік сатып алудың жеңімпазы бола тұра, шарттың 17.1-тармағында көрсетілгендей шарт жасалған күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде, яғни 2024 жылғы 09 шілдеге дейін шартты қамтамасыз ету сомасын және демпинг сомасын енгізбеген.

Осыған байланысты, жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуға жатады.

Соттың пікірінше, талап қоюшы сотқа талап қою арызын берудің 30-күндік мерзімін бұзбаған, талап қою арызын сотқа құқығы бұзылған күннен бастап (2024 жылғы 09 шілдеден) есептегенде 2024 жылғы 25 шілдеде берген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 1-бөлігі 117-бабына сай, жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

Құжатқа қол қойылған: Балғабеков С. Б., 15.08.2025
Заңды күшіне енген күні: 16.09.2025, судья Балғабеков С. Б., 17.09.2025
1013-25-3-6/B4

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Абай облысы бойынша Департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің «СК ОКЖЕТПЕС-2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«СК ОКЖЕТПЕС-2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«СК ОКЖЕТПЕС-2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Абай облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Абай облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **С. Балғабеков**

Құжатқа қол қойылған: Балғабеков С. Б., 15.08.2025

Заңды күшіне енген күні: 16.09.2025, судья Балғабеков С. Б., 17.09.2025

1013-25-3-6/84